

Болашақтың айқын бағыты

Егемендік жылдары экономикасы ойдағыдай да- мып келе жатқан заманауи мемлекет құрып, бейбітшілік пен қоғамдық тұрактылық кamtамасыз етілген осынау кезеңде Елбасымыз кезекті Жолдауын халқыныза ұсынуда.

Қоғамның барлық салаларында жүргізілген әлеуметтік, саяси және экономикалық реформалардың арқасында еліміздің халықаралық беделі артып, жылдан-жылға саяси абыройы күшейіп келетіндігі барша-мызыға мәлім.

Сонымен қатар, сонғы жылдары әлем қарқынды түрде өзгеруде. Цифрландыру, автоматтандыру, жана технологиялардың дамуы адами капитал сапасына деген талаптарды жаңаша қоюда. Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев халқының әл-ауқатын есіру бойынша бірқатар тұн бастамалар ұсынды.

2019 жылдың 1 қантарынан бастап ең төменгі жала-



қыны 1,5 есе, яғни 28 мыңнан 42 мыңға дейін есіру тапсырылды. Сондай-ақ алдағы 5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сактау салаларына барлық көздерден жұмсалатын каражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу қажет.

Мектепке дейінгі және орта білім беру сапасын жақсарту қажеттілігімен білім сапасын бағалау жүйесі халықаралық стандарттарға негізделуге тиіс екендігі баса айттылды. Елбасы осы жолдауында: "Назар-

баев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесі мемлекеттік мектептер үшін бірыңғай стандарт болуға тиіс. Бұл мектеп білімін реформалаудың корытынды кезеңі болады", – деп тұжырымдады.

Жоғары білім беру саласында заман талабына сай маман дайындау сапасында қатысты талаптар күштілдетіні туралы ескертілді. Ұстаздардың жүктемесін азайтуға, оларды жөнсіз тексерістер мен міндеттен тыс функциялар-

дан арашалауға тиіс "Педагог мәртебесі туралы" занда өзірлеу тапсырылды. Сол сияқты Білім және ғылым министрлігі биыл тиісті "Жол картасын" жасайтын болды. Жалпы, жастарды қолдау мақсатында келесі жылды "Жастар жылы" деп жариялау ұсынылды.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасы кен қолдауға ие болып, қоғамдағы жаңғыру үдерістеріне зор серпін беруде екендігі айтылды.

Осындаи іс-шаралардың жүзеге асырылуы – қазақстандықтардың табыстаурының тұракты есімі мен түрмис сапасының артуының негізгі факторы. Қазақстанның тұракты дамуы одан әрі арта түсетіндігіне сеніміз мол және біз алдымызға қойылған жаңа міндеттерді атқаруға дайынбыз.

**С.ҚУАНЫШБАЕВ,
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры.**